ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2023 жылғы 21 желтоқсан №7119-23-00-2/14388 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "01826 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – РММ)

ЖАУАПКЕР:

«ШАНШАРОВ» жеке кәсіпкер (бұдан әрі – ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "01826 әскери бөлімі" РММ жауапкер «ШАНШАРОВ» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«ШАНШАРОВ» ЖК ЖСН 790518401559 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ШАНШАРОВ» ЖК ЖСН 790518401559 мемлекет пайдасына 199 472 (бір жүз тоқсан тоғыз мың төрт жүз жетпіс екі) теңге тұрақсыздық айыбын, 7 710 (жеті мың жеті жүз он) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 21.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.01.2024, судья Нұрланов Б. К., 16.02.2024

7119-23-3-1/14147